

2025 ЖЫЛ – ЕЛІМІЗДІҢ КӘСІПОДАҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҮШІН МЕРЕЙТОЙ ЖЫЛЫ. 120 ЖЫЛ БҰРЫН ӘРТҮРЛІ ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫНЫҢ КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУҒА, ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚАТАРЫНДА БІРЛІКТІ САҚТАУҒА, МЕМЛЕКЕТ, ЖҰМЫС БЕРУШІ, ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ҮЙЛЕСІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ САҚТАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ПРОЦЕСТІҢ НЕГІЗІ ҚАЛАНДЫ. БҮГІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САЛАЛЫҚ ТЕМІРЖОЛ, АВТОМОБИЛЬ, ӘУЕ ЖӘНЕ СУ КӨЛІГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІПОДАҒЫ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ЕҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫ САЛАЛАРЫНЫҢ БІРІ, ТЕМІР ЖОЛДЫҢ 100 МЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРІН БІРІКТІРЕТІН ІРІ, БЕДЕЛДІ ҰЙЫМҒА АЙНАЛДЫ.



Оразғали АХМЕТБАЕВ,  
«Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы



№40 (3079)  
27/05/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## НОВАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПЕРЕВОЗКИ КОНТЕЙНЕРОВ

Впервые в Казахстане внедрена технология перевозки контейнеров в полувагонах. Так, на терминале АО «Кедентранссервис» в городе Астане состоялась перегрузка первого транзитного контейнерного поезда в полувагонах, следующего по маршруту Россия – Казахстан – Китай. Новый сервис реализован совместно с крупнейшей логистической компанией РФ «Логопер».

Алуа ТЛЕУБАЙ,  
Астана

Внедренная технология предусматривает организацию обратной загрузки контейнеров в полувагоны, прибывших с казахстанским углем. Данный подход позволяет существенно оптимизировать логистические процессы, а также повысить эффективность использования железнодорожной инфраструктуры и подвижного состава.

К слову, по данным ло-

гистического оператора «Логопер», технология показала свою востребованность: более двух лет компания производит обратную загрузку контейнерами порожних полувагонов из-под угля на Дальнем Востоке, сокращая порожний пробег подвижного состава на сети.

В настоящее время сервис работает в режиме пробной эксплуатации, однако в



будущем планируется его масштабирование. Это позволит значительно увеличить объемы перевозок и повысить конкурентоспособность казахстанской транспортно-логистической отрасли.

Внедрение данной технологии в Казахстане открывает новые перспективы для развития транзитных перевозок и укрепления логистических связей между странами региона.

Таким образом, внедре-

ние технологии перевозки контейнеров в полувагонах является важным шагом на пути к устойчивому и экономически эффективному развитию международных грузоперевозок.

Фото автора

### ШАҒЫН ВОКЗАЛДАР ЖАНДАНА ТҮСПЕК



Биыл еліміздің түкпір-түкпіріндегі теміржол вокзалдарында модернизация жұмыстары басталды. Бұл жұмыс аясында мамандар тек ең үлкен деп танылған теміржол вокзалдарын ғана емес, сонымен қатар шағын вокзалдарды да жаңғыртуда.

Жақында көлік министрі Марат Қарабаев Ақмола және Павлодар облыстарына жұмыс сапарымен барды. Ведомство басшысы қос облыстағы бірқатар көлік инфрақұрылымы нысандарының, соның ішінде теміржол вокзалдарының жұмысымен танысты. Ақмола облысында 16 жолаушылар теміржол вокзалы, Павлодар облысында 5 вокзал жаңғыртылады.

Министр Ақмола облысындағы Ерейментау теміржол вокзалы мен Павлодар облысындағы Шідерті, Ақсу, Қалқаман және Қарасора вокзалдарына барып, басталып жатқан жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

«Мемлекет басшысының туристік жерлерге қолжетімділікті арттыру тапсырмасы аясында 125 вокзал қайта жаңарту жұмыстарымен қамтылды. Шағын вокзалдар назардан тыс қалған жоқ. Олар жолаушыларға да, вокзал жұмысшыларына да жайлы бола түспек. Мұнда мердігерлер жартылай демонтаж жұмыстарын жүргізіп, нысандардың сырты мен ішін қалпына келтіріп, әрлеу жұмыстарын жүргізеді. Инженерлік желілер, яғни су құбыры және кәріз, электр жабдықтары, жылу, желдету, байланыс желілері толығымен жаңартылады. Теміржол вокзалы қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсарту үшін демалыс бөлмелері қарастырылды», – деді Марат Қарабаев.

Ислам ТАЛҒАТ



Димитрис СКАЛКОС,  
генеральный секретарь  
МИД Греции:

РАЗВИТИЕ ТРАНСКАСПИЙСКОГО МЕЖДУНАРОДНОГО ТРАНСПОРТНОГО МАРШРУТА ОТКРЫВАЕТ ЗНАЧИТЕЛЬНЫЕ ПЕРСПЕКТИВЫ ДЛЯ УГЛУБЛЕНИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ ГРЕЦИЕЙ И КАЗАХСТАНОМ И ПОЗВОЛИТ ОРГАНИЧНО СВЯЗАТЬ НОВЫЕ ТРАНСПОРТНЫЕ ЦЕПОЧКИ С БАЛКАНАМИ. ПО ИТОГАМ ВИЗИТА БЫЛ ДОСТИГНУТ ЗНАЧИМЫЙ ПРОГРЕСС В УСТАНОВЛЕНИИ ПРЯМЫХ КОНТАКТОВ МЕЖДУ ПРОФИЛЬНЫМИ ВЕДОМСТВАМИ И ДЕЛОВЫМИ КРУГАМИ ДВУХ СТРАН

## Тасымал

## АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІНЕ АСТЫҚ ЭКСПОРТТАЛДЫ

Алғаш рет Маңғыстау теміржолы арқылы Түркіменстанмен шекарас Болашақ станциясынан Біріккен Араб Әмірліктеріне қазақстандық астық экспортталды.

Шахида ЖҰМАН,  
Маңғыстау

Еуразия құрлығы мен Таяу Шығыс арасындағы логистикалық қарым-қатынасты дамытудың кезекті кезеңі ретінде жолға қойылған бұл бағдардың алғашқы легімен Болашаққа 34 вагон бидай келген. Станция басшылығының айтуынша, жүк тиелген вагондар түбектің шекарадағы станциясына 17 мамыр күні түскі уақытта жеткен. Станцияда бірнеше сағаттық тиісті жұмыстар атқарылғаннан кейін көп ұзамай, сол күні сағат 19:50 уақытында Түрікменстанға қарай тапсырылған.

«Қостанай облысынан тиеліп, Біріккен Араб Әмірлік-

теріне қарай жолға шыққан бұл пойыздың құрамында отыздан астам вагон, екі мың тоннаға жуық бидай болды. Қазақстандық бидай партиясы Джебел-Али портына бағытталып отыр. Бұл бағдардағы жүк еліміздің сыртқы сауда айналымын жақсартып қана қоймай, біздің теміржолдың көкжиегін кеңейтіп, жаңа мүмкіндіктер ашқалы отыр. Алдағы уақытта осы бағытта тағы да жүк ағыны болса, оған тек қуанамыз. Күтіп алып, диттеген жеріне кешіктірмей жөнелтуге дайынбыз. Бұл жүк негізгі 12 мамырда шыққан болатын, араға бес күн салып Болашаққа келіп жетті және сол күні Түрікменстан-ның Серхетқа станциясына жөнелтілді. Одан әрі қарай



Иранның Ақяйла станциясына барады, Бендер-Аббас портында ауыстырылып тиеліп, теңіз жолымен кетеді, – дейді Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің логистика бөлімі басшысы Айбек Өтеков.

Осы бағдар арқылы астық экспорты жалғасар болса, түбектің көрсеткіштері бұдан да арта түсері сөзсіз. Биылғы жыл басынан бергі қол жеткізген жетістіктер – соның дәлелі. Мәселен, осы жылғы төрт айдағы көрсеткіштерге тоқталсақ, бөлімшедегі жалпы жүк айналымы 113 пайызға

орындалған. Ол өткен жылғы есепті мерзіммен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Соның ішінде жүк тиеу 109 пайызды көрсетіп отыр. Жоспар 677 мың тонна болса, іс жүзінде межеден біраз артып, түбек теміржолынан 772,8 мың тонна жүк тиелген. Орташа тәуліктік жоспардағы 307 вагоннан жүк түсірудің орнына бұл көрсеткіш 316 вагонды құраған. Құрылыс жүктерін тиеу де артығымен орындалып, 119,6 пайыздан асып жығылған.

Суретті түсірген автор

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ ТОО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» ОТРЕМОНТИРУЕТ

36

ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ОБЪЕКТОВ С ЦЕЛЬЮ УЛУЧШЕНИЯ УСЛОВИЙ ТРУДА СВОИХ РАБОТНИКОВ.

С 2025 ПО 2026 ГОД КОМПАНИЯ CRRC ZIYANG (KHP) ПОСТАВИТ АО «НК «КТЖ»

100

МАНЕВРОВЫХ ЛОКОМОТИВОВ.

СВЫШЕ

90 тысяч

КАЗАХСТАНЦЕВ СМОГУТ ВОСПОЛЬЗОВАТЬСЯ УСЛУГАМИ МЕДИЦИНСКОГО ПОЕЗДА.

## ДОСТИЧЬ ПОСТАВЛЕННОЙ ЦЕЛИ



Любовь РОВБА,  
Астана

Документ будет включать новые точки роста, отвечать современным потребностям акционеров и способствовать развитию интеграции евразийского железнодорожного пространства. Компания ставит цель – достичь объема перевозок в один миллион ДФЭ в год. По итогам 2024 года этот показатель составил 746 тысяч ДФЭ и обогнал предыдущую стратегию (план составлял 711 миллионов ДФЭ).

– 2025 год – завершающий в системе нашей согласован-

ной с акционерами Стратегии развития компании с 2019 по 2025 год. Несмотря на понимание, что текущий год будет достаточно сложным, у нас есть планы исполнить заявленные обязательства, выполнить программу и достичь роста в 2025 году, – отметил в интервью Zakon.kz генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром.

В настоящее время в компании приступили к разработке новой стратегии на 2026-2035 годы. Уже проведен конкурс по выбору консультанта, активно будут вовлекать туда и акционеров, и партнеров,

и коллег по бизнесу.

– Естественно, будем прогнозировать, какие развилки (варианты выбора. – Прим. авт.) могут быть у нас в ближайшее время. Мы видим, что мир постоянно меняется. И преимущество той стратегии, которая заканчивается в 2025 году, состояла в том, что у нас как раз таких развилоч было много, – пояснил Алексей Гром. – То есть, к примеру, у нас была развилка на частичное формирование собственного парка вагонов. Мы ей воспользовались. А развилкой в части долевого участия в контейнерных тер-

миналах не воспользовались. Посчитали нецелесообразным и чрезмерным.

Он отметил, что компания по-прежнему стремится к миллиону контейнеров в год, ее маркетинговый слоган звучит как One Belt, One Road, One Million.

– Мы даже создали такой One Million Club, куда вошли многие наши партнеры из Китая, Европы, стран Евразийского экономического союза. Пока некоторые партнеры, преимущественно из стран ЕС, взяли паузу. Но, я думаю, это временно. Все понимают важность и перспективу нашего евразийского железнодорожного сообщения. Поэтому будем со своей стороны делать все возможное, чтобы и 2025 год, и последующие периоды стали своего рода ренессансом развития транспортной индустрии нашего континента, – заключил Алексей Гром.



### ТЕПЛОВОЗЫ ДЛЯ СЕВЕРНЫХ РЕГИОНОВ

В течение 2025 года компания CRRC Ziyang (KHP) поставит АО «НК «КТЖ» 62 маневровых локомотива серии СКД6с. Первые тепловозы уже доставлены в Казахстан.

Закуп осуществляется в рамках рамочного соглашения о поставке 100 маневровых и 100 магистральных тепловозов, подписанного между АО «НК «Қазақстан темір жолы» и корпорацией CRRC. Документ предусматривает не только поставку современной тяговой техники, но и создание в Казахстане инжинирингового и сервисных центров по ее обслуживанию.

Эксплуатация тепловозов СКД6с будет организована в Карагандинском и Павлодарском отделениях, а также в локомотивном депо Астана. Открытие сервисных центров запланировано в депо Павлодара и Караганды.

Первые тепловозы СКД6с уже доставлены в Казахстан, на них получены сертификаты соответствия. Еще 38 единиц техники планируется поставить в первом полугодии 2026 года.

Сотрудничество между ҚТЖ и крупнейшим в мире производителем железнодорожной техники CRRC (на долю компании приходится 50% мирового рынка локомотивостроения) продолжается более 20 лет. За это время Казахстан приобрел около 300 пассажирских и магистральных локомотивов, а также свыше шести тысяч грузовых вагонов китайского производства. Поставленная техника зарекомендовала себя как надежная и эффективная в условиях казахстанской железнодорожной сети. Современные тепловозы CRRC будут эксплуатироваться в северных регионах страны.

Роман ЛЮБИМОВ

## МАҚСАТ – ЖАРАҚАТТАНУДЫ ТӨМЕНДЕТУ

 Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе



Ақтөбе және Батыс Қазақстан бөлімшелерінің теміржолшылары «Мәдениет пен еңбек қауіпсіздігі» тақырыбындағы техникалық сабаққа қатысты. Өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету және қауіпсіздік мәдениетін арттыру мақсатындағы іс-шара жаңаша форматта өтті.

Техникалық сабаққа бұрын жұмыс орнында жазатайым оқиғадан зардап шеккен, өндірістік жарақат алған жұмысшылар да қатысты. Олардың қатарында Зинекен Шеге, Муталипов Ақназар бар. Олар өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Өздерінің қатысуымен болған қайғылы оқиғаларды баяндады. Қауіпсіздік ережелерін сақтамаудың нақты салдарын көрсетті. Кішкентай қателіктің өмірін түбегейлі өзгерткенін айтып берді. Олардың сөздері қатысушыларға үлкен ой салды.

«Басты мақсат – нөдік жарақат алу деңгейіне жету. Сол үшін алдымызға міндет қойылды. Теміржолшылардың қауіпсіздік мәдениеті деңгейін көтеру маңызды сұрақ. Қауіпсіздіктің іс-қимыл диалогы әрбір қызметкердің қауіпті еңбек жағдайын анықтап, оны платформада тіркеуіне құқық береді», – деді Ақтөбе ЖТ бөлімшесінің жетекші инженері Бақытнұр Ермекова.

Курс барысында тәжірибелік жағдайлар мысалға келтірілді. Алгоритмдер арқылы қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдері көрсетілді. Қатысушылар мұндай сабақтар еңбек қауіпсіздігіне деген көзқарасты түбегейлі өзгертудің бастамасы екенін атап өтті.

## ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ШЫҒАДЫ

 Ұлан ОРАЗ,  
Астана



Биыл жазда Балқаш курорттық аймағына қосымша пойыздар қатынайды. Нақтырақ айтқанда, бұл өңірге дейін 10 теміржол бағдары ұйымдастырылады.



Пойыздар Астана, Семей, Алматы қалалары мен Қарағанды облысынан (Мойынты, Саяқ) шығады. Мәселен, №54/53 «Нұрлы жол-Достық» бағдарындағы №54/53 және № 254/253 пойыздары, сондай-ақ № 6894/6893 «Балқаш-Саяқ» пойызы аптасына екі рет қатынаса, №122/121 «Нұрлы жол-Семей» пойызы жыл бойы, айдың жұп күндерінде жүретін болады.

Ал № 643/644 «Мойынты-Балқаш» қунара; №605/606 «Қарағанды-Балқаш» және № 6817/6818 «Балқаш 1-Балқаш 2» пойыздары күн сайын қатынамақ, №6880/6879 «Балқаш-Саяқ» және №6877/6878 «Балқаш-Мойынты» бағдарындағы пойыздар аптасына 6 мәрте жүретін болады. Бұдан бөлек, 1 маусым мен 31 тамыз аралығында айдың тақ күндері №219/220 «Қарағанды-Балқаш» жүрдек пойызы қатынайды. Оның құрамына 4 плацкарт және 2 купе вагон кіреді.

## ӘРІПТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ



 Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Ел шығысы Қытай елі үшін басты сауда серіктесі саналады. Мәселен, өткен 2024 жылы тек бір ғана Семей өңірі бойынша сыртқы жүк айналымының басым бөлігі – яғни 89 пайызы Қытаймен шекаралық сауда арқылы жүзеге асырылыпты. Экспорт көлемі 2,1 миллиард АҚШ долларына жетіп, бір жылда бес есе артқан. Бұл ретте бөлімшедегі Семей және Жаңа-Семей, Аягөз сынды ірі, тораптық жүк станцияларына түсетін жүктемелер ауыр әрі жыл сайын артып келеді. Атап айтсақ, аталмыш станцияларда құрастырылатын жүк пойыздарын Достық станциясына дейін ірікіліссіз жөнелту, ҚХР тарапынан үзіліссіз келетін жүк тиелген жылжымалы құрамдар вагондарын шаһардағы өндіріс ошақтарына белгіленген мерзім ішінде жеткізіп, жинап алуға басымдық беріледі. Яғни контейнерлік тасымал түріне ерекше ден қойылууда. Мәселен, кластан тыс Семей станциясы бойынша бір аптаның ішінде 1500 тонна жүк келіп жеткен. Бұл қазіргі таңда орташа көрсеткіш саналады. Ал қаланың өндірістік аймағына іргелес орналасқан



Жаңа-Семей жүк станциясындағы көрсеткіштер бұдан да жоғары. Қос станцияға ҚХР тарапынан келетін контейнерлік жүктердің басым бөлігін негізінен автобөлшектер, азық-түлік тауарлары құрайды. Айта кетерлігі, тасымалдың осы түрі, яғни контейнерлік пойыздар бойынша жүк операцияларын жүргізу үшін әр станцияда жекелеі тауар кассалары да ашылған.

Семей ЖТ бөлімшесінің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімі мамандарының айтуынша, екі аймақтың арасындағы жүк айналымын арттыру және реттеу шаралары жаңа кезеңге көтерілер күн жақын. Себебі Ұлттық компания ҚХР бағытында қазақстандық тараптың өткізу мүмкіндігін

арттыру мақсатында биылғы 2025 жылы «Достық-Мойынты» учаскесінде екінші жолдың құрылысын аяқтауды көздеп отыр. Бұл Абай еліндегі жүк жөнелтушілер тауарларын ірі халықаралық сауда дәліздеріне шығу жолын кеңейтеді. Демек, Семей ЖТ бөлімшесі бойынша ҚХР-мен арадағы контейнерлік тасымал түрі де мейлінше қарқын ала түсері анық.

Жалпы, Абай аймағы мен ҚХР-дың Шыңжаң ұйғыр автономиялы өңірі арасындағы сауда-логистика және өндіріс саласындағы әріптестік байланыстардың нығаюы жүк және жолаушы тасымалының артуына жол ашуда. Бұл ретте аймақтардағы инфрақұрылымды жаңғырту және теміржол, әуе және автомобиль көліктерін дамыту,

сондай-ақ саланы цифрландыру бағытындағы Президент тапсырмаларын орындау жөніндегі жоспар аясында бірқатар межелі іс-шаралар бар. Мәселен осы аптаның басында ҚХР-дың Алтай қаласында өткен «Үлкен Алтай» субөңірлік конференциясында «Семей-Үрімші» және «Семей-Шауешек» бағыттары бойынша тікелей әуе рейстерін ашу мәселесі талқыланды. Сондай-ақ жеке инвестор есебінен іске асырылатын «Аягөз-Тачен» теміржол желісінің қос өңір экономикасы үшін маңыздылығы да кеңінен сөз болды. Бұл ретте қытайлық инвесторлар тарапы географиялық орналасуының қолайлылығы себепті ел шығысын Қытай, Ресей және Орталық Азияны жалғайтын көлік-логистикалық хаб ретінде дамыту іс-шараларына қатысуға әзір екендігін айтқан. Оның сыртында көрші ел инвесторлары қызығушылық танытып отырған, жаңадан салынатын контейнерлік терминалдар құрғақ порт есебінен де жүк пойыздарының саны көбейе түспек. Демек, Семей ЖТ бөлімшесінің транзиттік-көліктік әлеуеті ҚХР мен әріптестік байланыс себепті тіптен арта түспек.

*Суретті түсірген автор*

## ҚОНДЫРҒЫЛАР ЖАҢАРТЫЛУДА



Атырау сигнализация және байланыс дистанциясында 6 дана жаңартылған контейнерлік техникалық жабдықтар кешенінің жүріс модульдері орнатылды. Атырау – Қиғаш телімінің Аққыстау, Исатай, Афанасьев бекеттеріне орнатылған бұл құрылғылар пойыз қозғалысы кезінде жылжымалы құрамның техникалық жағдайын автоматты түрде бақылайды.

 Қосұйық МҰҚАШЕВ,  
Атырау

Сондай-ақ 465-разъезде (ШЧ-11) жаңа типті модернизацияланған электрлік орталықтандырылған пост салынып, пайдалануға берілді. Енді аймақтағы бағдаршамдар мен бұрмалардың жұмысы, жалпы байланыс саласының жұмысы бұрынғыдан да жақсара түсті. Биыл Атырау станциясында соңғы отыз жыл бойы қолданылып келе жатқан қуат қондырғылары жаңарды. Яғни бұрынғы ПВ-1, ЭЦК, ПРББ, ПВ-220, ПВ-24 қондырғылары жаңа типтегі ПП-ЭЦ-70 түріне ауыстырылды. Атырау сигнализация және байланыс дистанциясының бастығы Ербол Нұрмановтың айтуынша, станциядағы қуат көздері панельдері жаңартылып, оның жұмысы бұрынғыдан да жақсара түскен. Сонымен қатар бұрынғы функцияларымен қоса ол енді автоматты түрде қосылатын және оны бақылайтын операциялармен толықтырылған. Мәселен, бір фидер ажыратылған жағдайда екіншісі, егер ол да



ажыратылса, дизельді агрегат автоматты түрде іске қосылып, станция жолдары қуат көзімен үнемі қамтамасыз етіліп отырады.

«Жұмыс барысында электрлік орталықтандыру құрылғыларының қоректендіру кабельдері мен трансформаторлары жаңарды. Енді ол болашақта ақаулардың аз болуына себепші болады», – дейді дистанция бастығы.

Сағыз станциясынан Ганюшкино стан-

циясына дейінгі жол телімі ВОЛС желісіне қосылып, мұнда да ақауларатты үлкен көлемде және шұғыл беруге жағдай жасалған. Сигнализация және байланыс шаруашылығы бойынша бірқатар учаскелерде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүріп бара жатқан қозғалмалы құрамның техникалық жағдайына автоматты бақылау жасайтын құрылғы (КТСМ) іске қосылды. Атап айтқанда, Құлсары және Атырау дистанцияларында Мақат – Құлсары учаскесі бойынша Бек-Бике развезінде, Құлсары – Бейнеу учаскесінде Қоркөл станциясында, Атырау – Ақсарай учаскесі бойынша Тұманды мен Д.Нұрпейісова бекеттерінде 7 дана контейнерлік типтегі жаңартылған модульді техникалық құралдар кешені орнатылған. Мақат, Ақжайық станцияларында «Модернизация ЛАЗ» жобасы аясында желілік-аппаратты залдарда каналдарды нығыздаудың жаңа буынды қолжетімді, заманауи интеллектуалды мультисервистік концентраторға модернизациялау жүзеге асырылған.

*Суретті түсірген автор*

## КЕМШІЛІК ТЕ, ЖЕТІСТІК ТЕ БАР



Қыс маусымынан кейін жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін тексерулер пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталады. Жамбыл жол бөлімшесіне қарасты құрылымдарға қатысты 15 сәуір – 6 мамыр аралығында жүргізілген көктемгі комиссиялық байқау жұмыстары кеңейтілген жиында қорытындыланды.

 Ардақ ҮСЕЙНОВА,  
Жамбыл

Жиында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалының директоры Айдын Сейтбенбетов жыл санап теміржол арқылы жүк және жолаушылар тасымалының көлемі артып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету үшін барлық құрылымдар маусымдық кезеңдерде жолдың жалпы жағдайына жауапты екенін ескертті.

Жамбыл жол бөлімшесінде

жүргізілген комиссиялық тексеру жұмыстарының қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер толық сараланып, оларды жоюға уақыт берілді. Өз жұмыстары бойынша есеп берген жауаптылар мен баяндамашылар олқылықтарға жеке-жеке тоқталып өтті. Сонымен қатар басқа құрылымдық бөлімшелерге үлгі ретінде міндеттемелерді өз деңгейінде орындаған мекемелер де ескерусіз қалмай, басшылары алғыс хаттармен марапатталды. Маусымдық кезеңге дайындық жұмыстарын жақсы жүргізгендер

ішінде Аңырақай, «Бірлік-1», Бурыл, Қаратау, Жаңатас, Малдыбай, Сарышаған, Шөлдала, Шу, Тараз, Қашқантеңіз, Хантау секілді станциялар бар.

Маусымдық комиссиялық тексеру кезінде жол инфрақұрылымы, жер төсемі, жасанды құрылыстар, энергиямен жабдықтау, автоматика, телемеханика, байланыс құрылғыларының жай-күйі бақылауға алынатыны белгілі. Сондай-ақ техникалық құжаттаманы жүргізу, пойыздар қозғалысы мен еңбек қауіпсіздігі сынды басым бағыттар да назардан



тыс қалмайды. Баяндамашылардың сөзіне сүйенсек, тексеру кезінде бірқатар міндеттемелер тиянақты орындалмаған болып шықты. Комиссия жұмысынан кейін тіркелген кемшіліктерге қатысты 1537 ескерту берілген.

Кемшіліктердің 394-і қозғалыс шаруашылығы және жүк тасымалы жұмысына қатысты болса, оның 147-і техникалық құжаттаманы жүргізу бойынша тіркеліп отыр. Сонымен қатар пойыздар қозғалысы қауіпсіздігі

бойынша – 117, еңбекті қорғау бойынша 130 ескерту беріліпті. 14 тыйым салынған шараларды сақтау туралы шешім қабылданған. Осыған байланысты 2 қызметкер қайта аттестаттауға жіберілді. Ал вагон шаруашылығына қатысты 87 ескерту дерегі тіркеліп, 11 вагон ағытылып, ағымдық жөндеуге жіберілген. Өткен жылғы есепті кезеңде 82 кемшілік анықталған болатын. Локомотив шаруашылығында нақтыланған 102 деректің 13-іне қатысты тыйым

салу қабылданып, 12 локомотив пайдаланудан шығарылған.

Бұл – «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалының құрылымдық бөлімшелеріне қатысты деректер. Ал комиссиялық тексеруден кейін «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» филиалына қарасты бөлімшелерге қатысты 954 ескерту берілді. Оның 653-і қозғалыс қауіпсіздігіне, 199-ы еңбекті қорғау бойынша, 52-сі өзі жүретін жылжымалы құрамға, 50-і өрт қауіпсіздігіне қатысты болып отыр.

Белгі беру және байланыс дистанциясы шаруашылығында – 156, электрмен жабдықтау дистанцияларында 172 кемшілік анықталған. Жол шаруашылығына қатысты 325 дерек тіркеліпті. Соның ішінде жолды күтіп ұстау және бағыттамалық бұрмаларды ажырату кезінде жіберілген өрескел ауытқуларға байланысты 20 тыйым салу шарасы қабылданған. Жалпы комиссиялық тексерудің қорытындысы бойынша 48 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Сондай-ақ берілген 1537 ескертудің бүгінге дейін 1153-і жойылып, 384-і орындалуда.

*Суретті түсірген автор*

# Интервью

## КЛЮЧЕВОЙ ЭЛЕМЕНТ В РАЗВИТИИ ЕВРАЗИЙСКОЙ ЛОГИСТИКИ

В рамках нашего диалога с господином Юань Сяоцзюнь – генеральным директором Xi'an Free Trade Port Construction and Operation Co., Ltd., мы обсудили текущее состояние и перспективы развития казахстанско-китайского логистического центра в Сиане, его роль в транспортно-логистическом сотрудничестве между нашими странами и планы на будущее.

– Господин Юань, насколько на сегодняшний день используется потенциал казахстанско-китайского терминала в городе Сиане (КНР), и как он влияет на рост транскаспийских маршрутов?

– С момента ввода в эксплуатацию в феврале 2024 года казахстанско-китайский терминал в городе Сиане обработал более 200 тысяч тонн грузов. Благодаря созданию совместного предприятия (СП) время перевалки грузов сократилось до трех часов, и терминал стал ключевым узлом для быстрой консолидации и распределения грузов, следующих из Китая транзитом через Казахстан. СП уже обеспечило обработку значительных объемов навалочных грузов, включая их контейнеризацию и доставку. Ожидается, что к 2025 году объем транзитных грузов вырастет на 50-60% в годовом исчислении.

Интеграция систем по обмену документацией помогла обеспечить достоверность документов до их отправки, что привело к сокращению сроков таможенной обработки.

Если остановиться на вопросе роста транскаспийских и других маршрутов, то с момента возобновления работы транскаспийского маршрута в 2024 году объемы перевозок по железнодорожным контейнерным линиям значительно увеличились. К примеру, ежемесячное количество поездов только по маршруту Сиань – Баку (Азербайджан) достигло исторического максимума в 36 составов,

что в 20 раз превышает показатели 2023 года. Этот маршрут стал ключевым каналом для доставки продукции таких компаний, как Huawei, BYD и Longi Solar, в Европу. В дальнейшем СП совместно с Международной логистической ассоциацией транскаспийского маршрута планирует оптимизировать сроки доставки и снизить транспортные расходы. Ожидается, что к концу 2025 года ежемесячное количество поездов превысит 60, а годовой объем грузов, проходящих через терминал, составит 600 составов.

– Расскажите, пожалуйста, о ваших планах и перспективах на год и более длительный период?

– Сначала о краткосрочных целях – до конца 2025 года. В планах – повышение эффективности Транскаспийского международного транспортного коридора за счет внедрения цифровых интеллектуальных систем, сокращения сроков обработки документов и снижения логистических издержек. Также расширение торговой сети: развитие сотрудничества со странами Центральной Азии в сферах торговли зерном, энергоресурсами, бытовой техникой и других. А теперь – о долгосрочной стратегии: создание на базе СП интегрированных услуг хранения и доставки для казахстанских компаний в Китае, превращение терминала в многофункциональный хаб (бондинг, электронная коммерция, складирование). Кроме того, в планах привлечение китайских экспортных грузов, следующих через терминал,



обеспечение эффективных и удобных трансграничных логистических решений.

– Когда, по вашему мнению, терминал выйдет на свою максимальную мощность?

– Сианьский терминал занимает площадь 100 му (≈6,67 га) с текущей пропускной способностью до 1 000 TEU (ДФЭ) в сутки. В связи с ростом спроса на транскаспийские и центральноазиатские маршруты к концу 2025 года ожидается обработка 85-90% контейнеров, а к 2027 году терминал приблизится к насыщению. Планируется расширение складских площадей на 3 000 квадратных метров к 2027 году для увеличения мощности.

– Какова, на ваш взгляд, роль терминала в развитии транспортно-логистического сотрудничества наших стран?

– Роль терминала в китайско-казахстанском транспортном сотрудничестве велика. Во-первых, это стратегическая роль. Он обеспечивает более 70% консолидации грузов из Китая в Центральную Азию и является ключевым звеном Транскаспийского маршрута

китайско-европейских железнодорожных перевозок (из Сианя).

Во-вторых, он обеспечивает снижение затрат и повышение эффективности. Так, за счет модели «от хаба – к хабу» логистические издержки предприятий сокращены на 15%, а таможенные процедуры ускорены.

В-третьих, это мост для торговли. Он играет большую роль в укреплении сотрудничества в сферах сельхозпродукции, электромобилей (например, экспорт «умной продукции» Сианя вырос на 30% в 2024 году) и бытовой техники.

В-четвертых, это пример региональной интеграции. Терминал представляет тиражируемую модель логистического сотрудничества для стран «Пояса и пути», способствуя созданию новых торговых коридоров Евразии.

В заключении отмечу, что Казахстанско-китайский терминал в городе Сиане – не только символический проект китайско-казахстанского сотрудничества в рамках «Пояса и пути», но и ключевой драйвер региональной экономической интеграции. Цифровизация, развитие мультимодальных перевозок и формирование торговой экосистемы усилят его роль как международного логистического хаба, обеспечивая устойчивый рост экономического взаимодействия между Китаем, Казахстаном и Евразией.

– Благодарю Вас за интересную беседу!

Беседовала  
Асель ШАЙХЫНОВА, Сиань  
Фото автора

## БЫСТРЕЕ ОГНЯ

Аслан КУДАБАЕВ,  
Костанай



На станции Есиль Костанайского региона прошли пожарные учения по условному тушению пожара в локомотиве.

Данные учения проводились с привлечением пожарного поезда станции Есиль, сформированный противопожарных звеньев гражданской обороны, государственной противопожарной службы.



По тактическому замыслу, произошло короткое замыкание в щитовой локомотива с последующим возгоранием. Немедленно на место прибыли все вышеперечисленные противопожарные подразделения, а также пожарный поезд. В ходе дальнейших действий очаг возгорания был локализован, а затем ликвидирован.

Фото автора

## УСТУПИ ДОРОГУ ПОЕЗДУ!

Яна ЛЕНИНА,  
Илецк



Под таким девизом провели профилактические беседы с учащимися СОШ № 7 города Соль-Илецка младшего и среднего школьного возраста илецкие железнодорожники.

Специалисты филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» перед окончанием учебного года традиционно пообщались с первоклашками прилегающей к железной дороге школы № 7. Профилактическая работа проводилась в игровой форме, в виде решения ребусов и викторины на знание правил безопасности на железной дороге.

Инженер-технолог Рамиля Нуржауова с помощью картинок разъяснила, что представляет собой железная дорога. Юрист филиала Динара Кулманова доходчиво и интересно рассказала об основных мерах безопасности при нахождении вблизи железной дороги, а инспектор отдела кадров Анара Юмагалиева для закрепления знаний раздавала детям памятки «Железная дорога – зона повышенной опасности!». Завершилась встреча игрой в «паровозик», к которой железнодорожники принесли атрибуты – сигнальный жилет и кепку.

Следует отметить, что ребяташек хорошо подготовили к встрече их классные руководители Светлана Плюхина и Елена Накатис, дав задание нарисовать, как учащиеся представляют себе железную дорогу. Оказалось, что у многих ребяташек родители – железнодорожники, и они имеют вполне четкое представление о работе на стальной магистрали. Беседа с первоклашками прошла очень интересно для всех ее участников.

Работники Илецкого железнодорожного узла тоже провели профилактические беседы, но уже с учащимися шестых и седьмых классов. Это, пожалуй, самый сложный контингент, поскольку именно в этом возрасте особенно ярко проявляются лидерские качества, стремление доказать свою «взрослость» через рискованные поступки. Поэтому и беседа с ними велась по-взрослому.

